



Құрметті жас мүшесі!

Мектеп өміріндегі ұстазға да, шәкіртке де аса қымбат осы бір сәт – соңғы қоңырау соғылу салтанаты. Қоңырау үні. Бұл үн білім кемесі – мектеп қабырғасынан шыққан әрбір адамның құлағына таныс, жүрегіне жақын. Алғашқы қоңырау – балалық арманыңды жетелеп, білім алып, мақсатыңды айқындауға шақырса, соңғы қоңырау үні – кәмелетке толып, оң-солын танып, қанаттанған бозбала мен бойжеткендерді арман биіктеріне ұшырып, ең үлкен өмір мектебіне шығарып

салады. Соңғы қоңырау – осындай қимас қоштасу әуені сәтімен ыстық. Алда биік асулар, асқар армандар күтеді. Осынау салтанатты сәтте барлықтарыңызға Ұлттық бірыңғай тестілеуден абыроймен өтіп, Қазақстанымыздың білікті маманы атануларыңызға тілектеспін. Еліміздің болашағы – Сіздердің қолдарыңызда. Сондықтан да қай кезде де терең білім алу жолында жалықпай, талмай ізденіп, ел тізгінін ұстайтын азамат болыңыздар.



Қымбатты ұстаздар!

Шәкірттеріңіз сіздер берген тәрбие мен тәлімді еш уақытта ұмытпасы анық. Сіздерге әрдайым да мықты денсаулық, отбасыларыңызға амандық, еңбектеріңізге жеміс тілеймін. Қашан да шәкірттеріңіздің ыстық ықыласына бөленіп жүре беріңіздер! Сіздердің өлшеусіз еңбектеріңіз үшін шексіз алғыс білдіремін!

Құрметпен,
Басқарма төрағасы-ректор С.Н.Идрисов



XXI ҒАСЫР КӨШБАСШЫСЫ: ҮЗДІК СТУДЕНТТЕР АНЫҚТАЛДЫ



«Bilim-orkenietі» ұлттық инновациялық ғылыми-зерттеу орталығы мен «Үздік студенттер академиясының» ұйымдастыруымен Тәуелсіз мемлекеттер достастығының 30 жылдық мерейтойына орай Халықаралық «XXI ҒАСЫР КӨШБАСШЫСЫ: ҮЗДІК СТУДЕНТ» байқауына университетіміздің белсенді студенттері Есмұрат Марат пен Асухан Назымбеков жолдама алған болатын.

Нәтижесінде белсенді әрі білімді студенттеріміз үздіктер қатарынан көрініп, жеңімпаз атанды. Биіктен көрініп, бақ сынап, озат болған Есмұрат пен Асуханға Басқарма төрағасы-ректор Саламат Нұрмұханұлы байқау жеңімпаздарын құттықтап, арнайы төсбелгі табыстап, дипломмен марапаттады.

Білім



СПОРТ ЖҮЛДЕГЕРЛЕРІНІҢ ҚАТАРЫ ТОЛЫҚТЫ

Түркістан қаласында өткен ҚР-ның студенттер арасындағы XI жазғы универсиаданың Самбо күресі бойынша боз кілемде белдескен палуандар университетіміздің намысын қорғап шықты.

Екі күнге созылған жарыс нәтижесінде университетіміздің әйелдер құрама командасы бойынша 59 кг салмақта Сара Абдуллаева, 65 кг салмақта Тілекші Дүйсенова, 72 кг салмақта Ділнәз Қабиева, +80 кг салмақта Айтаңсық Елтай III орынды иеленді.

Университетіміздің ерлер құрама командасы бойынша 58 кг салмақта Ислам Асқаров, 79 кг салмақта Арманжан Араұллы III орынды қанжығасына байласа, +98 кг салмақта Ерасыл Амангелдиев II орынмен марапатталды.

Жалпы командалық есеп бойынша Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің ерлер және әйелдер құрама командасы III орын тұғырынан көрінді. Команда жетекшілері профессор Алпысбай Сейітқалиұлы және аға оқытушы Рафаэль Ралитұлы жарыс жеңімпаздарын жеңісті жүлделерімен құттықтады.



Спорт

СТУДЕНТТЕРІМІЗ ЖЕҢІС ТҰҒЫРЫНДА

Түркістан қаласында өткен Қазақстан Республикасының чемпионатында белбеу күресі бойынша жеңіл салмақта дене шынықтыру және спорт мамандығының 1 курс студенті Еркін Тұяқбай чемпион атанып, Ташкент қаласында өтетін жастар арасындағы Әлем чемпионатына жолдама алды. Сондай-ақ аталмыш жарыс түрі бойынша «Дене шынықтыру және спорт» мамандығының 1 курс студенті Жұмабек Жолдасқалиев 3 орынға ие болды. Спорт саласында университетіміздің мәртебесін асқақтатып жүрген студенттерімізбен мақтанамыз.



ҮЗДІКСІЗ ОҚУДЫҢ КЕРЕМЕТ МҮМКІНДІГІ

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің өз колледжі мен мектебі болады. Бұл бастама 5 мамандыққа, атап айтсақ, Қазақ тілі және әдебиеті мұғалімі, Шетел тілі мұғалімі, Орыс тілі мен әдебиеті мұғалімі, Бастауыш білім беру мұғалімі, Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарының тәрбиешісі білім бағдарламаларына лицензия берілуімен тікелей байланысты.

Осы турасында университет 2021-2022 оқу жылына 10-11 сынып оқушылары мен колледждің мамандықтарына талапкерлер қабылдауды бастайды. Қазіргі таңда колледжге қатысты басқа да мамандықтарды ашу жоспарлануда. Болашақта оқушылар мен талапкерлерге университет жанынан колледж бітіріп, ары қарай жоғары оқу орны бағдарламасын жалғастыруға зор мүмкіндік туып отыр.



Сүйінші

Өнер

АЙТЫС САХНАСЫНАН ЖҮЛДЕМЕН ОРАЛДЫ



ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдық мерейтойына және Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері, «Парасат», «Құрмет» орденінің иегері, айтыс ақындары мен жыршы, термешілердің халықаралық одағының төрағасы, М.Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университетінің профессоры Жүрсін Молдашұлы Ермановтың 70 жылдық мерейтойына арналған мерекелік шара өтті.

«Ұлытаудың ұлары ұлтын сүйген» атты республикалық студенттер сайысында Атырау университетінің Көптілді білім беру факультетінің Филология мамандығының 3 курс студенті Фариза Жетпісбаева жүлделі II орынды иеленді. Сөз өнерінің құдыретін ел арасында паш етіп, университетіміздің абыройын биіктетіп жүрген Фаризаға шығармашылық табыстар мен шалқар шабыт тілейміз.

ЖАЗБА МӘДЕНИЕТ САЛАСЫНДА ЕЛЕНГЕН ЕҢБЕК

Тұңғыш ағартушы, көрнекті қазақ педагогы Ыбырай Алтынсариннің 180 жылдық мерейтойына орай «Ыбырай Алтынсариннің педагогикалық мұрасы және заманауи білім» тақырыбында республикалық конференция өтті. Аталмыш конференцияға «Инновациялық білім беру» факультетінің «Бастауыш білім беру деңгейінің педагогы» мамандығының 2 курс студенті Нұрбану Түгелбаеваның жұмысы қабылданған болатын. Сарапшылар құрамының шешімімен студентіміздің еңбегі еленіп, жұмысы үздік деп бағаланып, жинақта жарияланатын болды.



АТЫРАУДА ӨТКЕН АЛҒАШҚЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ОЛИМПИАДА

Атырауда алғаш рет «Журналистика және ақпарат даярлау» бағыты бойынша білім алып жатқан студенттер арасында республикалық олимпиада өтті. Әлемді өзігерге салған коронавирус пандемиясына орай, білім бәйгесі өз тарихында тұңғыш рет онлайн форматта ұйымдастырылды.

Еліміздің аумағында 13-ші рет өткізілген олимпиадаға 13 жоғары оқу орнынан 13 команда қатысты. Әр топтан үш студент, барлығы 39 үміткер бақтарын сынады. Олар күнделікті сабақ барысында алып жүрген білімдерін сарапқа салды.

Білім бәйгесіне жергілікті журналистерден құралған қазылар алқасы төрелік етті. Олардың құрамында – комиссия төрағасы, «Сарайшық» журналының Бас редакторы Исатай Балмағамбетов, комиссия төрағасының орынбасары, республикалық «Егемен Қазақстан» газетінің меншікті тілшісі Жолдасбек Шөпегұл, Қазақстан Республикасы Журналистер одағының Атырау облыстық филиалының төрайымы Алма Қалусариева, «Сарайшық» журналының Бас редакторының орынбасары Гүлзада Ниетқалиева, Журналистика кафедрасының аға оқытушысы Жәнібек Қалым, «Depti.kz» сайтының редакторы Амандық Абдол және «Қазақстан» ұлттық телеарнасының меншікті тілшісі Жандос Темірғали бар.

Сайыс төрт кезеңнен құралды. Биылғы ережеге сәйкес, әр кезеңде Тәуелсіздіктің 30 жылдығына қатысты ойлар көрініс табуы тиіс. Сонымен, алғашқы «Таныстырылым» кезеңінде командалар арнайы дайындаған бейнероликтерін ұсынды.

Екінші кезеңде үміткерлер эссе жазудан жарысты. Олимпиада өтетін күні олар тақырып таңдады. Бұл орайда,

талапқа сәйкес, 700 сөзден кем емес және антиплагиаттық тексерістен өткен жұмыстар ғана қабылданды. Сөйтіп, 39 студенттің әрқайсысы өткір ойы мен үшқыр қиялын қағаз бетіне түсірді. Әрине, жас талапкердің талантын қалыптасып қалған журналистің қарым-қабілетімен салыстыруға болмайды. Бірақ, болашақта осы саланың тізгінін ұстағысы келетін жан осы кезден дайындалуы керек.

Сайыстың екінші күні болашақ журналистер тест сынағына қатысып, нақты білім деңгейін көрсетті. Оның қорытындысы автоматты түрде көрсетіліп отырды.

Соңғы кезең – «газет шығару ісі» білім бәйгесінің тарихында тұңғыш рет пайда болып отыр. Қазылар назарына ұсынылатын газет үлгісі төрт беттен кем болмауы керек. Олимпиаданың биылғы ұйымдастырушылары осындай ұйғарымға келіпті. Өйткені, бүгінде газет-журналдар үшін электронды басылымдармен, әсіресе, әлеуметтік желімен бәсекеге түсу оңай емес. Мұны мойындау керек. Әйтсе де, «Егемен Қазақстан», «Айқын», «Ана тілі» секілді басқа да белгілі газеттер заман талабына сай жаңа айдарлар ашып, әлі де болса өз оқырмандарын қызықтырып келеді. Ендеше, болашағын журналистикамен байланыстырғысы келетін жастар газет шығару үрдісіне қазірден машықтана бергені жөн-ақ.

Қазылар алқасының пікірінше, жалпылай алғанда, журналист боламын деген жастардың бағыты жаман емес. Әсіресе, Қызылорда университетінің студенттері дайындаған «Сыр түлегі» газеті көңілден шықты. Атап айтқанда, газеттің төрт беті де талапқа сай құрылған. Әр мақала арнайы айдарларға топтастырылған. Түрлі тақырыптағы



түйткілді мәселелер орынды көтерілген. Ақпараттардың берілу тәсілі мен жазылу стилі де көңілге қонымды.

Ал, С.Демирел атындағы университет студенттерінің «Сөйле» газеті электронды түрде шығады деп топшыланған. Онда әр мақаланың негізгі және нақты бөлігі ғана берілген. Астында арнайы QR-код көрсетілген. Егер сол кодқа ұялы телефон камерасын жақындатса, әлгі мақаланың толық нұсқасымен танысуға болады. Ғажап па, ғажап! Мұны заманауи газет шығарудағы соны жаңалық деуге де болады. Тіпті, қазіргі газет редакторларының құлағына алтын сырға, бұл – ғаламторға «шырмалып» қалған оқырманды газетке қайтарудың оңтайлы жолы.

Қорыта келгенде, олимпиада Кубогін, яғни, Бас жүлдені Қожа Ахмет Яссауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің командасы жеңіп алды. Расымен де, түркістандық студенттер бұл жүлдеге әбден лайық. Қазылар алқасының барлық мүшесі де бірауыздан осы пікірді ұстанды.

Екінші орынға Алматы қаласындағы

Тұран және Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеттерінің командалары табан тіреді. Аталған білім ордаларында оқитын студенттердің «таныстырылым» кезеңіне дайындаған бейнероликтері өте сәтті шықты. Ережеге сай үш минутқа сыйғызылып, тіс қаққан тележурналистердің бейнесюжеттерінен артық болмаса, кем түспеді.

Жүлделі үшінші орынды үш команда өзара бөлісті. Олар – С.Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан, Сулейман Демирел және С.Торайғыров атындағы университет студенттері.

Сайыстың қорытынды бөлімін Атырау университетінің ғылым және халықаралық қатынастар жөніндегі проректоры Дидар Батрышев жүргізді. Өз кезегінде ол байқауға белсене атсалысқан студенттер мен олардың жетекшілеріне зор ризашылығын білдірді. Сондай-ақ екі күн бойы үміткерлердің жұмыстарын жіті тексеріп, сүзгіден өткізген қазыларға Алғыс хат пен сый-сыяпат табысталды.

Амандық САҒЫНТАЙҰЛЫ,
«Журналистика» мамандығының
3 курс студенті

КӨКТЕМГІ ЕМТИХАНДЫҚ СЕССИЯ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ НЕДЕ?

2020–2021 оқу жылының 2-ші жарты жылдығында академиялық күнтізбеге сәйкес барлық оқу нысаны бойынша көктемгі емтихандық сессия кезеңі жалғасуда. Бакалавриат мамандықтары үшін тапсыру мерзімдері 3 мамыр мен 22 мамыр аралығында өткізіледі деп жоспарланса, магистратура білім бағдарламалары үшін 31 мамыр мен 12 маусым аралығын құрайды.

Ағымдағы емтихан жұмыстары 97 пән бойынша компьютерлік тест түрінде ұйымдастырылды. Прокторингпен – 81 (оның ішінде жалпы университеттік – 10 пән), прокторингсіз – 16 пән бойынша қабылданады.

2020–2021 оқу жылының көктемгі емтихан сессиясының кестесі «Платонус» ААЖ-де жасалып, білім алушылар мен оқытушыларға көрінетіндей жүктелді. Емтихан қабылдаушы оқытушылар жұмыстарды университет ғимараттарында қажетті компьютерлік құралдармен жабдықталған дәрісханаларда қабылдауда.

Көктемгі емтихандық сессияның кестесі Тіркеу кеңсесінің жетекші мамандарымен жасақталып, екі апта бұрын білім алушылар мен оқытушылардың назарына жеткізілді. Емтихандар кестеге сәйкес қашықтықтан (онлайн) форматта тапсырылады.

Академиялық қарызы жоқ білім алушылар (рейтингі – 50 балдан кем емес болған жағдайда) емтиханға жіберіледі. Аралық аттестаттауды (сессияны) ұйымдастыру және өткізу кезінде университет емтихан тапсырудың келесі форматтарын қолданады:

1) қашықтан (онлайн);
2) емтихан кешірек мерзімге ауыстырылады – «I» (Incomplete) бағасын қою арқылы.

Университетте ағымдағы емтихандарды қашықтан өткізу формалары:

- жазбаша емтихан (соқыр тексеру);
- ауызша емтихан;
- компьютерлік тест.

Ауызша емтихан нысаны Microsoft Teams бағдарламасымен өткізіледі. Шарт бойынша бір мезгілде 6 білім алушыдан артық болмауы қажет. Топта білім алушылар саны көп болған жағдайда бөліп кіргізу арқылы ұйымдастырылады. Жеке басын сәйкестендіргеннен және үй-жайды тексергеннен кейін емтихан қабылдаушы білім алушыға билетті (кездейсоқ сандар генераторы) таңдауды ұсынады. Билетті таңдау рәсімінен кейін оқытушы билеттің мазмұнын камераға көрсете алады және/немесе жазу үшін билеттің сұрақтарын дыбыстай алады. Білім алушыда үстелде тек қалам мен жауап парағы болуы тиіс. Жауап беруге дайындық кезінде білім алушыға дайындыққа уақыт беріледі, ол жұмыс оқу бағдарламасында (силлабусты) көрсетілуі тиіс. Білім алушы жазбаша жауап

конспектісін жазады, содан кейін емтихан алушыға ауызша жауап береді. Жауапқа дайындық уақытының ұзақтығы 40 минутқа дейін, жауапқа бір білім алушыға 0,25 сағаттан (15 мин) жіберіледі.

Білім алушы жауапқа дайын болғаннан кейін ол оқытушыға өзінің дайындығы туралы белгі береді. Бұл микрофон көмегімен немесе «қолын көтеру» батырмасының көмегімен, немесе чатта хабар жазу арқылы оқытушыға хабарлануы мүмкін.

Егер оқытушыға емтихан кезінде білім алушының жазбаша жауап конспектісі қажет болса, онда ол оны жауап дайындағаннан кейін жауап парағын сканерлеуді, фото немесе жауап парағының скан-көшірмесін Whats app көмегімен немесе емтихан алушыға корпоративтік поштаға жіберуді сұрайды.

Жазбаша емтихан нысаны да Microsoft Teams бағдарламасында өз ойын жазбаша баяндау қабілетін анықтауға, білім алушының жалпы және техникалық сауаттылығын анықтауға мүмкіндік береді. Жауаптар скан-нұсқада / электрондық нысанда сақталады, осылайша емтихан алушы да, білім алушының өзі де білімді бағалаудағы субъективтілікті жоққа шығарады. Жазбаша түрде емтихан өткізудің мынадай негізгі түрлері қарастырылған: билеттердің сұрақтарына жауап түрінде; кейстерді шешу түрінде; жазбаша тапсырмаларды орындау; тапсырмаларды шешу және т. б. Жазбаша жауап беру рәсімі ауызша емтихан тәртіптемесімен бірдей.

Көктемгі емтихандық сессияда барлық жазбаша емтихан плагиаттан тексеріледі. Емтихан уақытының ұзақтығы жазбаша түрде 1 сағатты көздейді.

Жазбаша жұмыс *.doc форматында компьютерде электронды түрде жазылуы қажет. Билетте көрсетілген сұрақтарға толық жазбаша жауап берілгеннен соң, жұмыс емтихан қабылдаушыға жіберіледі. Емтихан қабылдаушы кафедра бойынша антиплагиат операторына плагиатқа тексеру үшін жібереді. Оператор тексерілген жұмыс бойынша жауапты бағалау үшін емтихан қабылдаушыға кері жібереді. Бағалауды емтихан алушы Platonus жүйесіндегі журналына енгізеді.

Тестілеу – білім алушы өзіне ұсынылған нұсқалардан жауап таңдау керек болған кезде балама әдіске негізделген бақылау түрі.

Platonus платформасымен тапсырылады. Көктемгі емтихандық сессияда төмендегі жалпы университеттік пәндермен бірге, арнайы пәндер бойынша компьютерлік тест түріндегі емтихандар өткізіледі. Тапсырушының жеке басын сәйкестендіру білім алушының қорытынды аттестаттау басталғанға дейін жүзеге асырылады.

Компьютерлік тестілеу қысқа мерзімде білім

алушылардың үлкен тобының білімін тексеруге, нақты оқу материалын оқу кезінде оқылдықтарды анықтауға және алынған нәтижелерді оқу процесінің барысын басқару үшін пайдалануға мүмкіндік береді.

Білім алушы емтихан кестесі бойынша 12 сағат ішінде тестілеуден өте алады. Пән бойынша тестілеу уақытының ұзақтығы прокторингпен 60 минутты, прокторингсіз 30 минутты құрайды.

Оқытушы емтихан нысанын таңдайды және міндетті түрде білім алушыларға пән бойынша алдын ала сұрақтар береді, оларды емтихан нысаны мен басқа да ұйымдастыру сәттері туралы хабардар етеді.

Ауызша және жазбаша емтихандарды өткізу кезінде емтихан алушыға/оқытушыға онлайн емтиханға қосылғаннан кейін ол білім алушының жеке басын сәйкестендіруді (жеке куәлік бойынша) жүргізетінін есте сақтау маңызды.

Емтиханның барлық түрлері бойынша видеоматериалдар жазылады және кафедрада сақталады.

Емтихан сессиясы кезеңінде білім алушы әр пән бойынша апелляцияға өтініш беруге құқылы. Ол үшін емтихан нәтижелері жарияланған немесе Platonus жүйесіне бағалар қойылған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде білім алушы аттестаттау комиссиясы төрағасының (факультет деканының) атына апелляцияға электрондық өтініш беруге құқылы.

Қазіргі таңда 5663 студент емтихан тапсыруға жолдама алды. Олардың ішінде 5069 студент бағаланып, 163 студент ақылы түрде қайта тапсыру мүмкіндігіне (Ex) ие болса, 123 студент тиісті бал (F) жинай алмады. Ал 308 студент өкінішке орай, әр түрлі себептерге байланысты қатыса алмады. Орта есеппен емтиханға өтініш білдірген студенттердің пайыздық үлес салмағы 83,33% құрайды. Сонымен қатар, емтихан алушы мұғалімдер арнайы жабдықталған компьютерлік сыныптарда жұмыстарды қабылдап, тексеріп, тиісінше бағалауда. Алыс шалғайда орналасқан, жатақханада қоныстанған немесе материалдық-техникалық базаман толық қамтамасыз етілмеген студенттерге де университет тарапынан қолдау көрсетіліп, емтиханды компьютерлік сыныптарда тапсырып шығуына қолайлы жағдай туғызуда. Көктемгі сессия жалпы білім беру бағдарламалары бойынша 12 маусымға дейін жоспарланған. Ұйымдастыру уақыты, өткізу формасы және ағымдағы емтихан сессияларының қорытындысы Platonus жүйесінде жарияланатын болады: <http://asu-edu.kz/>. Жалпы ақпарат және жаңалықтар жүйенің басты бетінде көрінсе, әрбір пән бойынша ақпаратты (өткізу нысаны және емтиханға тиісті нұсқаулықтар) оқытушы тікелей пән бетінде орналастырады.



Емтихан сессиясының сұрақтары бойынша:

+7 7122/ 27-63-37

+7 701 622 13 53




Техникалық қызмет қолдау:

+7 7122/ 27-63-28, 27-63-35

+7 702 199 90 84





Тәуелсіздігіміздің 30 жылдығы аясында алған асуларымыз бен жеткен жетістіктерімізде еліміздегі барша ұлт өкілдерінің де үлесі зор. Ел азаматтарының бірлігі ұлт пен ұлыстың өткен кезеңдегі тарихы мен оның сабақтарын дәріптеп, әлемдік қауымдастық тарапынан жоғары бағаланған қазақстандық татулық пен келісімді паш етеді. Қоғамдық келісім мен саяси тұрақтылық – біздің ең маңызды байлығымыз!

Бір шаңырақтың астындағы халқымыздың достығы мен өзара түсіністігі одан әрі жалғасып, еліміздегі ұлтаралық татулық әрдайым берік болып, қашан да ынтымақ, бірлік мәңгі жасай беруіне үлкен әсерін тигізін

жүрген Қазақстан халқының әр түрлі ұлт өкілдерін өз бауырымыздай құрметтейтініміз ақиқат.

Осы тұрастында, университетімізде де өзге ұлт өкілдері де білім алуда. Қазіргі таңда карантиндік режимге байланысты оқу бағдарламасы қашықтан оқыту форматында жүзеге асырылғанымен, олардың білім деңгейі, өзгелермен тіл табысуы, қоғамдық жұмыстарға араласуы, белсенділіктері өте жоғары. Және бір таң қалдырарлығы, олардың жанұялық қарым-қатынасы, дәстүрі, қатынас тілі, өмір сүру стилі, ой бағдары қазақы бағытта екендігі. Өздерінің пікірінен байқағанымыздай, олар үшін бірлік пен татулық – ел ертеңінің дәлелі.

ТАТУЛЫҚ МӘНГІ ЖАСАСЫН!

Менің атым – Жалы. Мен 18 жастамын. Ұлтым – азербайжан. Баку қаласында туып өстім. Алғаш рет Қазақстанға 2012 жылы келдім. Осы 9 жылдың ішінде мен Қазақстанның мәдениеті мен дәстүрлері туралы көп нәрсе біліп, үйрендім десем артық айтқаным емес.

Қазақ халқы өте қонақжай. Өзімнің де тез тіл табыса алатын қасиетімнің арқасында көптеген достар таптым.



Әзербайжандар мен қазақтар түркітідес халықтар болғандықтан, тілдері өте ұқсас болып келеді. Қазақ тілін тез үйрену маған қиынға соқпады. Біздің жанұямызда барлығы қазақ тілін түсінеді. Отбасымның сүйікті мерекесі – Наурыз. Біз жыл сайын отбасы мүшелерімен жиналып, түрлі тағамдар дайындаймыз, концерт пен қойылымдарды тамашалауға көшеге шығамыз. Екі жыл бұрын мен Наурыз мерекесінде қазақтың ұлттық биін биледім. Ұлттық тағамдардан бауырсақ пісіруді ұнатамын. Ұлттық ойын түрлерінен көкпар, асық, қыз қуу ойындарының тарихы мен ойын шартын білемін.

Менің екінші сүйікті мерекем – Қазақстан халқының бірлігі күні. Қазақстан түрлі мәдениетке өте бай, өйткені онда жүз отыздан астам ұлт өкілдері тату-тәтті тұрады. Бірлік күні біз еліміздегі өркендеу, тыныштық пен тәртіп барлық халықтарға, барлық мәдениеттерге тәуелді екенін есте сақтаймыз. Халықтар арасындағы достық және олардың ұйымшылдығы – ел бірлігінің кепілі.

Жалы МАМЕДЗАДЕ,
«Аударма ісі» мамандығының
1 курс студенті

БОЛАШАҒЫМЫЗ ЖАРҚЫН БОЛАРЫНА СЕНЕМІН!

Қазақтың байтақ даласы бүгінде 130-дан артық ұлт өкілдеріне ортақ мекен. Сол себепті де, 1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі күні болып есептеледі. Әрі бұл күн Қазақстан халқы үшін ең ірі мерекелердің



бірі. Қазақ елінің барлық өңірлерінде дерлік 1 мамыр мерекесі дәстүрлі түрде тойланады. Мақсаты – ел ішіндегі түрлі ұлт пен дін өкілдерінің бір-біріне деген сый-құрметін арттырып, татулықты,

бірлікті, ортақ құндылықтарды насихаттау. «Бірлік болмай тірлік болмас» дегендей берекені көздеген ел мерекелі тірлік жасаудан жалықпаған. «Береке бастауы – бірлік, ел іші – тату тірлік» қағидасын ұстанған ел үшін бұл мейрамның орны ерек. Жыл сайын атаулы мерекеді Қазақстан аумағында тұрып жатқан 130-дан астам ұлт пен ұлыс өкілдері киелі қара шаңырақта тату-тәтті, береке мен бірлікте, бейбітшілік пен ынтымақта өмір сүріп жатқандығын тойлайды.

1995 жылдың наурызында дүние жүзіне үлгі болып отырған, ұлтаралық татулық пен тұрақтылықтың феномені – Қазақстан халықтары Ассамблеясы құрылды. Өзара түсіністік, ұстамдылық, әр түрлі ұлттар өкілдерінің рухани және мәдени құндылықтарына құрметпен қарау әдеби барлық этностарға ортақ жалпы халықтық идеалдар мен қасиеттерді қалыптастыруға әсер етті. Айта өтейік, 1 мамыр халықаралық еңбекшілердің бірлік және ынтымақ күнін әлемнің 140 елі атап өтеді екен. Ел бірлігі – ең асыл қасиет. Бірлік, ынтымақ, сабырлық пен парасаттылық ең алдымен қазақ еліне, қазақтарға керек, – деп көрегенділікпен Елбасы айтқандай көпұлтты мемлекеттің даму болашағының бір көзі – Қазақстан халықтарының бірлігі. Біздер де бұл мейрамды отбасымызбен бірге тойлаймыз. Туған-туыстарымызды, достарымызды және көршілерімізді де құттықтап, уақытымызды көңілді өткізуге тырысамыз. Менің ұлым қазақ болмаса да, Қазақстан мемлекетінде өмір сүріп жатырмын. Және мен қазақ елінің өте жомарт екендігін нақты айта аламын. Әрбір қазақ отбасы үшін қонақты сыйлау, құрметтеу, қонаққа ілтипат көрсету – зор жауапкершілік. Тіпті соғыс жылдары кезінде де, қаншама отбасы жағдайының мүшкілдігіне қарамастан өзге ұлт өкілдерін құшақ жая қарсы алды, жергілікті ортаға тез сіңісіп кетуге жәрдемдесті. Осы жайлардан-ақ, қазақ халқы әлемдегі ең қонақжай ел екенін аңғарамыз.

Сол себепті бұл күн – әрбір қазақстандық үшін Отанға деген сүйіспеншілік пен патриоттық сезімнің, азаматтық борыш пен жалпы ұлттық келісімнің мерекесі. Халық бірлігі мерекесі күні ел азаматтары ұлт пен ұлыстың өткен кезеңдегі тарихы мен оның сабақтарын дәріптеп, әлемдік қауымдастық тарапынан жоғары бағаланған қазақстандық татулық пен келісімді паш етеді. Бұл айтулы мерекені көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алуға толық негіз бар.

Қазақ елінің өркендеуімен бірге аудан экономикасы да ілгерілеу үстінде. Бейбітшілік пен татулықтың арқасында бәрімізді болашақта бұдан да жарқын, бағанды күндер күтіп тұрғанына сенімдімін. Ұлы қазақ даласында басқа ұлт өкілдерінің бір шаңырақ астында татулықта, сыйластықта өмір сүріп жатқаны бәрімізге мәлім. Бүгінгі таңдағы өмір сүру дағдымыз Қазақстанда тұрып жатқан басқа ұлт өкілдеріне деген қазақ халқының сыйластығы, құрметі, парасаттылығы пен имандылығының айғағы деп білемін.

Гоззал ЖҰМАБАЕВА,
«Шетел тілі: екі шетел тілі»
мамандығының 1 курс студенті

БІРЛІК БОЛМАЙ ТІРЛІК БОЛМАС

Қай елде де болсын өзге ұлт өкілдерін бөліп жармағандары дұрыс деп ойлаймын. Өйткені, қандай ұлт болсын барлығы бірдей емес. Әр ұлт өзіндік дәстүрімен, мәдениетімен, өнерімен ерекшеленеді. Жаман ұлт жоқ, санасы төмен адам бар. Адам өз санасына қарай әрбір адамды әр түрлі қабылдайды. Ой-өрісі қанша тар болса, жанындағы адамдарды да солай таңдайды. Өзге ұлт өкілі болғанымен, Қазақстан жерінде тұрамын. Анам таза қазақ болғанымен, әкем қытай және қазақ аралас тұлға. Жанұямызда үйдегілермен таза қазақша сөйлесеміз. Бұған да бір себеп ортамыз болды. Ауылдық жерде өскендіктен, айналамыздағы отбасылардың көбісі қазақтар болатын. Сол себепті қазақ тілін

үйрену мен үшін ауырлық түсірмей, керісінше өте оңай болды. Қазақ мектебіне бару да қазақ тілін еркін меңгеруіме зор ықпалын тигізді. «Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте», – дегендей, қазақ жерінде туғандықтан қазақ тілін туған тілім деп санап, құрметтеймін. Қанша өзге шет тілдер бар, бірақ қазақ тілі өзінің ерекшелігімен өзгешеленіп тұрады.

Отбасымызда қазақтың барлық мерекесі



атап өтіледі. Наурыз мерекесі болсын, Айт мерекесі болсын барлығын тойлаймыз. Басқа ұлт өкілі болғанымен, Аллаға шүкір мұсылманмын. Осы Рамазан айында Құдайға шүкіршілік етіп, Ораза ұстадым.

Қазақтың ұлттық тағамдарын жаппа білемін. Анам барлығын кішкентай кезімнен бастап үйретті. Нан жаудан бастап, бауырсақ пісіруге дейін ас үй өнерін жетік білемін. Отбасымыз өте қонақжай болғандықтан, қазақтың ұлттық тағамдарын жиі пісіреміз.

Ұлттық ойын түрлерінен «Алтыбақан», «Айгөлек», «Қыз қуу», «Аламан бәйге», «Теңге алу», «Асық ату» секілді ойындарды білемін. Өте қызықты, пайдалы ойындар өте көп. Жоғарыда айтып өткендей, ауылдағы балалармен көп ойнағандықтан, ойындарды өте жақсы білемін.

Өйткені, Қазақстан-түрлі ұлт өкілдерінің басын қосқан ұлы мемлекет. Осы өзге ұлт өкілдерінің салт-дәстүрі, тілі, мәдениеті жоғалмас үшін бірлік пен ынтымақ мықты болуы шарт. Соның нәтижесінде барлығы тату-тәтті өмір сүретіндігі ақиқат.

Виктория ВАҢ,
«Орыс тілінде оқытпайтын мектептердегі орыс тілі мен әдебиеті мұғалімі» мамандығының 1 курс студенті

МИР – ВАЖНЕЙШЕЕ

УСЛОВИЕ БУДУЩЕГО ПРОЦВЕТЕНИЯ

День единства народа Казахстана – один из самых любимых праздников нашей страны. В нашем государстве проживают в мире и согласии люди разных национальностей. Единство народов – главное достижение нашей страны. В большую семью Казахстана входят казахи, узбеки, русские, украинцы, немцы, корейцы, уйгур, киргизы, китайцы, евреи, азербайджанцы, грузины и многие другие. Каждый из этих народов уникален, но вместе на территории Казахстана они – один дружный народ. И в этом смысл Первомайского праздника.


Меня радует, что Казахстан дает возможность разным национальностям, проживающим на этих землях, с помощью этого праздника познакомиться с местными жителями с различными обычаями и традициями других национальностей. Все эти мероприятия направлены чтобы сдружить представителей разных национальных групп, открыть красоту и перспективу культурного взаимодействия. Каждый народ вносит свою лепту в становление и процветание Казахстана. В мире не много стран, которые могут похвастаться таким разнообразием этносов, проживающих в мире и согласии под общим шаныраком, как в нашем государстве.

Я азербайджанка. Живу в Казахстане более 17 лет. У казахов и азербайджанцев много сходств во всех аспектах, в том

числе похожи языки. Зная азербайджанский язык, несложно говорить на казахском. Он дается легче, чем представителям славянских национальностей. Азербайджанцы также отмечают казахские национальные праздники. Побывать на торжествах в честь Дня Независимости или Наурыз приходилось каждому жителю страны. Я думаю, что эти значимые дни имеют глубокое историческое значение, напоминают молодому поколению о силе и отваге предков. Благодаря этим праздникам, каждый год мы раскрываем разные особенности истории культуры братского народа – казахов. Казахские национальные праздники переполнены радостью и весельем. В такие дни интересно наблюдать за мероприятием, где молодежь в национальных костюмах, стараются передать ту атмосферу прошлого, рассказывая и демонстрируя разные традиции и обычаи казахского народа.

Казахские праздники многообразны. Чего только стоит День языков. Он объявлен 22 сентября Указом Президента. Главная его особенность в том, что он уже несколько лет показывает, что единство народов в Казахстане ценится и приветствуется. Кроме этого, в стране работают школы, обучающие детей на языке их родности. Это большой вклад в развитие, за что стоит сказать спасибо действующему Президенту.

Многим стоит побывать на одном из наиболее ярких, красочных и несущих добро празднике – Наурыз. Азербайджанский народ также отмечает это праздник. Наурыз можно назвать своеобразным Новым годом, который отмечается уже пять тысячелетий. Он назначен на 22 марта. Его отмечают с наступлением весеннего равноденствия. На улицах сооружаются юрты, где всех желающих угощают национальными блюдами и совершаются благотворительные деяния. Мы также в



этот день угощаем своих близких и друзей азербайджанскими лакомствами пахлава, шекембаура, а также баурсаками как признак дружбы между народами.

Нам также нравится отмечать праздник Көрісу айт. Это очень теплый и необычный праздник, переданный предками, празднуется в Казахстане – Көрісу айт. В переводе с казахского языка буквально означает «свидетельство» или «встреча». В этот день принято ходить друг к другу в гости и обязательно поздравлять, что вновь пришла весна.

Всех нас, людей разных национальностей, объединяет общее: мы – народ Казахстана. Многонациональность как наша страна и моя большая родня. Стремление к согласию живет в крови каждого народа, но особенно оно развито у казахстанцев. Щедра казахская земля, и характер у казахского народа то же щедр и гостеприимен. Всем живущим здесь нужно знать язык, историю и обычаи казахского народа. И пусть звучат над этой землей напевы домбры!

Народ Казахстана один. Это поможет сохранить мир на древней, прекрасной казахстанской земле. А мир – важнейшее условие Будущего процветания.

Флора САРАЕВА,
студенка 4 курса по специальности
«Иностранный язык:
два иностранных языка»

ТҰҢҒЫШ ӘЙЕЛ РЕКТОР

Кешегі өткен ХХ ғасырдың басында және орта шегінде мемлекет, ел басқару ісіне белсене араласқан қазақтың біртуар қайраткер қыздары санаулы болса да, олар белсенді де, жемісті қызмет атқарды. Осындай ізбасар іспетті тұлғалардың бірі – Гурьев мемлекеттік педагогикалық институтының (қазіргі Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті) тұңғыш әйел ректоры, химия ғылымдарының кандидаты, доцент, ұлағатты ұстаз Сәндү Дүймағамбетқызы Дүймағамбетова.

Өлкеміздегі ұзақ жылдар бойы жоғары білім беріп, туған еліміздің халық шаруашылығының әртүрлі саласына мыңдаған білікті де білімді мамандар дайындап келе жатқан бірден-бір білім ордасы Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің өткен тарихына үйілек, былайша өріледі. 1940 жылдың 1 қыркүйегі Гурьев 2-жылдық мемлекеттік мұғалімдер институты, 1950 жыл 14 маусым Гурьев мұғалімдер институты, 1955 жылдың 16 маусымында Гурьев педагогикалық институты, 1960–1973 жылдары Гурьев мемлекеттік педагогикалық институты, 1973–1992 жылдары Гурьев педагогика институты, 1992 жылы 21 ақпан Атырау педагогикалық институты, 1994 жылы 23 мамырда Х.Досмұхамедов атындағы Атырау педагогикалық институты, сол жылдың 2 маусымда Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті болып қайта құрылды.

Елінің ертеңі жас ұрпақты тәрбиелеп, білім беріп, адал қызмет атқарған ұлағатты ұл-қыздарын ардақтау ұлтымыздың аса қастерлі дәстүрлерінің бірі. Шәкірттерін білім нәрімен сусындатып, жақсы адам қасиеттерді бойына дарытып, адамгершілік рухта тәлім-тәрбие беруде ұстаздың еңбегі өлшеусіз. Сондықтан да ұстаз әрдайым құрмет биігінде. Ұрпақ болашағы, халқымыздың келешегі жолында талай талантты ұл-қыздарды тәрбиелеп, білім берген ұстаз шәкірттерінің жадынан өшпейтіндігі де белгілі. Ендіше, аға буынның қажырлы еңбегі ұрпаққа мәңгі үлгі-өнеге болып қала бермек.

Өлкенің жоғары білім беру саласында өлшеусіз үлесі бар Гурьев педагогикалық институтының тұңғыш әйел ректоры С.Д. Дүймағамбетованың өмірі мен педагогтік, қоғамдық қызметін жан-жақты сараптап, бағалап, қорытынды жасалған арнаулы ғылыми еңбек кездеспейді. С.Дүймағамбетоваға қатысты еңбектер тіпті жоқ деуге болады. Кейбір басшылардағы жауық көрген мардымсыз мақалаларда ғана бір-екі ауыз сөзбен 1969–1973 жылдары Гурьев мемлекеттік педагогика институтының ректоры болғандығы жөнінде аталып өтіледі. Атырау облыстық мемлекеттік архиві қорында С.Дүймағамбетованың өз қолымен толтырылған өмір жолы, атқарған қоғамдық және ғылыми жұмыстары жөніндегі ізденістері туралы құжаттар сақталған.

Гурьев мұғалімдер институтынан бастау алатын бүгінгі Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің оқу-тәрбие үрдісін жетілдіруде және материалдық-техникалық базасын нығайтуда еңбек еткен ардагер ұстаздардың бірі, өлкеміздегі жоғары білімнің қара шаңырағының ректоры С.Д. Дүймағамбетова болып табылады. Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің даму тарихында ғалымның өзіндік алатын орны бар екендігі шүбәсіз.

Сәндү Дүймағамбетқызы 1919 жылдың 23 қарашасында Атырау облысы, Махамбет ауданы, Редут ауылында (қазіргі Талдықөл ауылы) қарапайым балықшы Дүймағамбет Тоқтабаев отбасында дүниеге келді. Өкінішке орай, әкесі ұзаққа созылған ауыр науқастан ол дүниеге келген жылы қайтыс болды. Жанұядағы үш баланың барлық ауырталпығы аналарының мойнына ілінді. Тумысынан қайсар да жігерлі анасы Балсекер Нұрманқұлова балаларын жетелеп жүріп, өсіріп-өндірді. Сәндү 1928–29 оқу жылында Гурьев (Атырау) қаласындағы О.Исаев атындағы (кейін Жамбыл) қазақ орта мектебіне барып, оны 1938 жылы ойдағыдай аяқтады. Оқу жылы аяқталғанда Гурьев облыстық «Социалды құрылыс» газетінің 159 санында «Биыл Гурьев қазақ орта мектебін бірінші рет 23 оқушы бітірді» тақырыбында С.Дүймағамбетованың мақаласы жарияланды. Ол өз мақаласында: «Мен, 1930 жылдан бері Гурьев қалалық қазақ орта мектебінде үздіксіз оқып келемін. Биылғы жыл мен бұл мектептің он жылдық оқу программасын орындап, орта дәрежелі білім алды деген құрметті атақпен мектеп бітіріп шығып отырмын.

Алдағы күнде мектептен алған білімімді және күнбе-күнгі іс жүзінде көрген тәжірибемді бұдан әрі де көлемдендіре отырып, жоғарғы дәрежелі мектептерде оқимын», - деп жазды.

Ол 1938 жылы Қазақстан комсомолының I съезіне делегат болып сайланып, оның жұмысына қатынасты. Қиналған күндер

аз болмады. Бірақ ертеңгі жақсы күнге деген үміт сәулесі көкірегіне сенім ұялатты. Осы сенім оны Алматыға алып келді. Оқу бітірген жылы С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің химия факультетінің I курсына оқуға түседі. Университетте оқыған жылдары жас Сәндудың жан-жақты ұйымдастырушылық қабілетін, іскерлігі мен талапшылығын, жастармен жұмыс тәжірибесінің молдығын ескерген оқу орнының басшылығы қоғамдық жұмыстардың белсендісі оны аса жауапты да маңызды қызметтерді сеніп тапсыруда қателескен жоқ.

Сол кезеңде елдің ертеңгі – жас ұрпақ деп, қиын істерге соларды жұмсап жатты. Сұрапыл соғыс басталған 1941 жылы 3 курс студенті, С.М.Киров атындағы шәкіртақы иегері, Сәндү Дүймағамбетованы кеңес, партия органдары Гурьев облыстық білім беру басқармасы қарамағына жібереді. 1941 жылдың 9 қыркүйегінен аталған басқармада іс-шаралар курсының меңгерушілігі қызметіне кіріседі. Ал, 9 желтоқсан күні іскер де алғыр жас облыстық білім басқармасы кадр бөлімі секторының меңгерушілігіне ұсынылды. 1942 жылдың мамыр айында Гурьев облысы комсомол ұйымының шешімімен Гурьев қалалық комсомол комитетінің 1-ші хатшысы қызметіне тағайындалды. 1942–44 жылдары облыстық партия комитеті үгіт-насихат бөлімінің нұсқаушысы, лекторы қызметін аброймен атқарды. Соғыс жылдарында жолдамамен Москвадағы БК(б)П мектебінің алты айлық курсына оқыды. Ел басына ауыртпалық түскен жылдары алыста шалғай ауылдардағы шопандар мен мұнай кәсіпшілігіндегі мұнайшылар арасында үкіметтің жүргізіп отырған саясатын, майдандағы жағдайларды халыққа жеткізе түсіндіріп, үгіт-насихат жұмыстарын жүргізді. Кейінгі жылдары облыстық партия комитетінің лекторы қызметін атқарды. Қаланың қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық өміріне белсене араласты. 1946 жылға дейін Гурьев облыстық партия комитетінде нұсқаушы болып қызмет атқарды. Соғыс жылдары аяқтай алмаған оқуын жалғастыру мақсатында өзі өтініші бойынша жұмыстан босатылды. Ол 3 курстан оқуын жалғастырып, 1949 жылы С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетін (қазіргі әл-Фараби атындағы ҚҰМУ) ойдағыдай аяқтады. 1949 жылдың 27 маусым күні мемлекеттік емтихан комиссиясының шешімімен Б 522158 диплом бойынша жоғары оқу орнының оқытушысы, орта мектептегі жоғары сыныптардың мұғалімі және кіші ғылыми қызметкер квалификациясы берілді. Университет бітірген оны басшылық Физикалық химия кафедрасына аспирантураға оқуға қалдырды. 1955–56 жылдары Қазақ мемлекеттік университеті Физикалық химия кафедрасында және Алматы медицина институтында ассистент қызметін атқарды. 1956–1963 жылдары Қазақ мемлекеттік университеті және республикамызда ғана емес, бұрынғы КСРО, қазіргі ТМД елдері арасында тек аруларға арналған баламасыз бірден-бір жалғыз жоғары білім ордасы, 1944 жылы құрылған Қазақ мемлекеттік қыздар институтында аға оқытушы, доцент қызметтерін атқарды. Одан кейінгі жылдары Қазақ КСР Ғылым Академиясының Химия институтында аға инженер, «Табиғи сорбенттер мен катализаторлар» лабораториясының аға ғылыми қызметкері болды. Жоғары мектеп саласындағы күнделікті қызу еңбекпен бірге ғылыммен айналысуға да уақыт тапты. 1966 жылы академик Д.В.Сокольский және химия ғылымдарының кандидаты Ш.В.Баталованың басшылығымен «Физико-химические свойства некоторых бентонитов Казахстана и их применение для обработки вин» тақырыбында кандидаттық диссертациясын ойдағыдай қорғап шықты. КСРО Жоғары аттестациялық комиссиясы тарапынан 1966 жылдың 28 желтоқсан күні Қазақ КСР ҒА Химия институтының 30 маусым күнгі (112 хаттама) кеңесі шешімі негізінде химия ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесі берілді.

1969 жылдың қыркүйек айында Гурьев мемлекеттік педагогикалық институтының ұзақ жылдар басқарған С.Т.Қожабаевтан кейін институт басшылығына химия ғылымдарының кандидаты Сәндү Дүймағамбетова келді. Ол ректор қызметіне тағайындалғаннан кейін Ғылыми кеңес мүшелерімен бірлесіп отырып, институттың даму жоспарын жасақтап, жоспар бойынша атқарылатын жұмыстарға ерекше мән берді.

Жаңа сайланған ректор тарапынан институттың ғылыми әлеуетін көтеру ең негізгі мақсат ретінде күн тәртібіне қойылып, оның жүзеге асырылуы туралы іс-шаралар жасақталды. ХХ ғасырдың 60-жылдарының аяғында институттың бір топ жас оқытушылары еліміздің ғылыми орталықтарына өндірістен қол үзіп, мақсатты аспирантураға жіберілді.

С.Д.Дүймағамбетова институт басшысы ретінде осындай ғылымға ұмтылысқа сол кезде қалыптасқан білім жетілдіру институттары мен факультеттер, аспирантура, тағылымдама, ізденушілік жүйесін кеңінен пайдалану және ғылыми жұмыспен айналысып жүрген оқытушыларға шығармашылық демалыс, іс сапарын жоспарлы түрде беруді тиімді жүзеге асырып, жолға қойды. Оқу орнының әкімшілігі тарапынан атқарылған іс-шаралардың бірі ғылыми өсу жоспарын республикалық жоспарға енгізіп, қаржыландырды.

Сәндү Дүймағамбетқызы басқарған



сол жылдары институттың бір топ мақсатты жолдамамен жіберген аспиранттары кандидаттық диссертацияларын сәтті қорғап, институтқа оралды. Ал кейбіреулері кейін ғылым жолында еңбектеніп ғылым докторы, профессор атанды. Олар З.Алдамжаров, Қ.Сейталиев, Ғ.Нығметов, М.Абдолов, С.Құсниденов, И.Тажимұратов, Қ.Әжіғалиев, Қ.Досқалиев, Б.Жанетов, Н.Алдаберенов, Б.Сүлейменов, Т.Жұманова, Е.Иманқұлов, А.Лұқпанов, Т.Жасмамбетов. Ректордың қажырлы еңбегі мен қолдауының нәтижесінде институт профессор-оқытушылар құрамының ғылыми әлеуеті өсті. Бұл сол тұстағы ғылыми әлеуетті көтеру мақсатында жасалған ең игі шаралардың бастамасы болды. Ректордың тікелей басшылығымен ғылыми-педагогикалық кадрларды даярлауға, олардың ғылыми өсуіне, кәсіби біліктілігін арттыруға ерекше мән берілді. Профессор-оқытушылар құрамы 1970 жылы 119 адамға дейін өсті, оның ішінде 17 адамның ғылыми дәрежесі мен атағы болса, ал 30-дан астам оқытушы аспиранттық даярлықтан өтті. Ал, студенттер контингенті 2693, оның ішінде 1198 күндізгі бөлімде оқыса, 1495 сырттай оқу бөлімінде оқыды. Демек, институт алғаш құрылған 1950 жылмен салыстырғанда студент саны 10 еседен артыққа өскен. Сонымен бірге, кітапхананың кітап қорын жабдықтауға да ерекше көңіл бөлінді. Институттың материалдық-техникалық базасын нығайтуда және қажетті оқулықтар мен құралдарын сатып алуға, пәндік кабинеттер мен зертханаларды жабдықтау үшін институт бойынша тиісті дәрежеде қаражат бөлініп, жоспарланған іс-шаралар жүзеге аса бастады. Өскен ортасы және еңбек жолының басталуында Сәндү Дүймағамбетова алуан түрлі адамдармен кездесіп, олармен тағдырын тығыз байланыстырды.

С.Дүймағамбетова қызмет атқарған 1960 жылдардың аяғы мен 70-жылдардың бас кезінде педагогикалық жоғары оқу орындары студенттерін кәсіби-педагогикалық даярлауды жетілдіруде жаңа кезең басталды. Болашақ мұғалімдерді психологиялық-педагогикалық даярлаудың мазмұнын жетілдіру бірден-бір өзекті мәселе болып, күн тәртібіне қойылды.

Сол кезеңде белгілі кеңестік ғалым-педагог, профессор И.Т. Огородников «Жоғары педагогикалық білім берудің өзекті проблемалары» мақаласында: «Кезінде «Педагогикалық білім беру» журналы өз жұмысын тоқтатты. РФКСР Педагогикалық ғылым академиясы педагогикалық білім беру институты жабдылды, бірте-бірте педагогикалық білім беру мәселелері Педагогика ғылым академиясы мен пединституттардың ғылыми-зерттеу жұмысы тақырыптарынан шығарыла бастады. Сондықтан да педагогикалық білім беру саласындағы жүргізілген ғылыми-зерттеу жұмысын тек қана қалпына келтіру емес, педагогика ғылымы дамуының қазіргі міндеттеріне жауап беретіндей жоғары деңгейге көтеру қажет», - деген пікір білдірген болатын. Осыған орай жоғары педагогикалық білім беру саласында ғылыми-зерттеу 1970 жылы жасақталған жаңа оқу жо-

сары мен бағдарламасында болашақ ұстаздың психологиялық-педагогикалық даярлығын жетілдіруде педагогика-психология цикліндегі пәндерді оқытудың бірізділігі басшылыққа алынды. Болашақ мамандар 1-курс I - ші семестерден бастап Педагогика пәндерін оқыту «Педагогикаға кіріспе» пәнінен оқытудан бастады. Ал II - ші семестерде жаңа курс «Жас физиологиясы және мектеп гигиенасы» енгізілді. Сонымен бірге «Педагогика тарихы» курсы «Мектеп педагогикасы» курсының алдында оқытылды. Бұл кезеңде республика жоғары педагогикалық білім беру жүйесінде уақыт талабына сай орын алған кемшіліктермен қатар жоғары педагогикалық оқу орындары үлкен өзгеріске ұшырады. Оның айқын дәлелі ретінде Гурьев педагогикалық институты 70-жылдары оқу-әдістемелік, ғылыми-зерттеу, тәлім-тәрбие беру жұмыстарын тиімді ұйымдастыруда біршама тәжірибе жинақтады.

Ректор С.Д.Дүймағамбетованың басшылығымен профессор-оқытушылар ұжымы болашақ педагогикалық кадрлар кәсіби-педагогикалық жағынан сапалы даярлауда, олардың дүниеге ғылыми көзқарасын қалыптастыруда, өз мамандығын жан-жақты және терең біліммен қарулануында, сонымен бірге психологиялық-педагогикалық жағынан даярлауда зор табыстарға қол жеткізді. Институт басшылығы тарапынан 1969–73 жылдары мамандықтарды тұрақтандыру бағытында біршама жұмыстар атқарылды. Гурьев мемлекеттік педагогикалық институтының қалыптасып, өркендеу жылдарында ғылыми-педагогикалық кадрларды даярлаудағы, оқу-әдістемелік, ғылыми-зерттеу және тәлім-тәрбие жұмыстарын жетілдіруде атыраулық тұңғыш әйел ректор Сәндү Дүймағамбетқызының атқарған еңбегі өлшеусіз. КСРО дәуірінің 1960–70 жылдарындағы педагогикалық негізгі ұстанымдарын айқындап және бұл қоғамдық құбылыстың С.Дүймағамбетованың ғылыми-педагогикалық көзқарастарының қалыптасуына әсер еткен факторларды айқындау және сол кезеңдегі білім беру жүйесіне тарих тұрғысынан ғылыми талдау жасау, ретроспективті және тарихи-генетикалық талдау негізінде оқу үдерісіндегі оның озық педагогикалық идеяларын жүзеге асырудың жолдарын айқындау, сонымен қатар ғалым-ұстаздың тәлімдік идеяларын жоғары оқу орындарының оқу-тәрбие жүйесіне ендіру жолдарын ғылыми-әдістемелік тұрғыда анықтау негізгі міндеттердің бірі болып табылады.

1973 жылдан кейін ол Қазақ мемлекеттік медицина институтында, 1974–80 жылдары Қазақ КСР Ғылым Академиясы Химия институтында аға ғылыми қызметкер болып жұмыс жасады. Қызмет атқарған жылдары еңбектегі, ғылыми шығармашылық жұмыстары үшін «Ұлы Отан соғысы жылдарындағы ерен еңбегі үшін 1941–1945 жж.», «Ұлы Отан соғысы жеңісіне 50-жыл», «Ерен еңбегі үшін» «Еңбек ардагері» т.б. бірнеше медальдар мен Қазақ КСР Жоғары Кеңесінің Құрмет грамотасымен марапатталды. Алматы қалалық және аудандық кеңесінің депутаты болды.

Сәндү Дүймағамбетқызының жұбайы көрнекті тарихшы-ғалым, зерттеуші, халық мұраларын жинаушы Мұстафа Ысмағұлов (1914–1987) елімізге белгілі ғалым. 1990 жылдардың басында Сәндү апай қызы Салтанатпен жолдасының өмір бойы Орынбор, Саратов, Москва, Санкт-Петербург, Астрахан, Омбы архивтерінен жинақтаған мол мұраны Батыс Қазақстан облыстық тарихи-өлкетану музейіне тапсырды. Бұл баға жетпес мол мұраларды халық игілігіне жарату үшін музей қорына тапсыруы ғалым Сәндү Дүймағамбетқызының туған халқының тарихына деген құрметі мен сүйіспеншілігі болатын. Қазіргі таңда М.Ысмағұлов жинаған құнды жәдігерлер мен деректердің арқасында 1911–1913 жылдары Ордада жарық көрген «Қазақстан» газетінен кейін 1917–1918 жылдары «Алаш» қозғалысының үні болған «Ұран» атты басылымының жекелеген сандары табылып отыр.

Табиғатынан сыйпайы, қарапайым, ұстаздық жолында барша ғұмырын адам тәрбиесіне арнаған ұстаз-ғалым, Атырау қаласының Құрметті азаматы Сәндү Дүймағамбетова 83 жасқа қараған шағында 2002 жылдың 13 тамыз күні Алматы қаласында дүниеден озды.

С.Д.Дүймағамбетова туған елі мен қоғамға сіңірген адал еңбегімен, ғылыми шығармашылық ізденістерімен және адами асыл қасиеттерімен ел құрметіне бөленген қайраткер әйелдер қатарында білгіндыгі ақиқат.


Аққали АХМЕТ,
тарих ғылымдарының докторы, профессор

6 Мерейтой

Мамыр, 2021 жыл

Илия Жақанов! Бұл есімді қай қазақ баласы білмейді? Ән деп жүрегі соққан, жастық арман жылуында мажыраған, туған жерге деген асыл сезім құшағында тербелген, достыққа деген пәктікті жүрегінде әлдилеген қазақ елінің әрбір перзенті Илия әндерінің жаныңды баураған сазының ғажайып лиризмге бөккен мелодиясымен сусындап өсті. Елдегі салтанатты сәттерден бастап, адамның өмір жолдарындағы әрбір белесі қазақ музыкасымен ғана өріс тауып, қуаныштың биіктеген шыңдарына өрлесе, оның ішінде Илия әндерінің жүрек қылын әуелетіп, әр саналы адамның ішкі үндеріне үлес берген мелодиясы жүреді.

ФЕНОМЕН



Өзін теледидардан көріп, өнерге деген іңкәрлік сезімді барынша айтумен ғана «сап-сап» дегізіп жүрген аймақтың әнқұмарлары сол адамның өз құшақтарына келіп, ерекше ілтипаттарына бөленіп жүретіндігін қандай сөзбен жеткізуге болады.

Екі ғасыр – жиырмасыншы және жиырма бірінші ғасырлардың бір-бірімен жамырасып табысқан жылдарында Илия Жақанов өзінің әлемнің көзі мен жүрегін аялаған музыкасымен найзағайдай жарқылдап, асқар толқынды Каспийдің жағасында Атырау халқының асқақ ағынында жүргендігі шексіз қуаныш, әр жүрекке ерекше шабыт бұлқынды мен таңғалсын туғызды. Өткен қазақ өнерінің ренессанстық екінші ғасырының аяғында Атыраудың әкімі болып келген Иманғали Нұрғалиұлы Тасмағамбетов бір шоғыр қазақтың таудай айдарлы да айбарлы өнер қайраткерлерін республиканың шалғай аймағы болып есептелетін Атырау жеріне қос ғасырдың тоғысында алып келуі сөз жеткізіп айта алмайтынды құбылыс еді. Атырау жері дүр сілкінді. Күй құдіреттері Шамғон Қажығалиев, Әзидолла Есқалиев, Қаршыға Ахмедияров; академик – ғалым, сөз зергері Зейнолла Қабдолов; күміс көмей әншілер Ғафиз Есімов, Сәуле Жанпейісова; композитор Илия Жақановтар кәрі Каспий мен Ақ Жайықтың мөлдiр кәусарын бұрын-соңды болмаған толқындары тебіреніске кенелтті.

Қазақтың көрнекті ақыны Жұбан Молдағалиевтің 80 жылдық торқалы тойы Оралдан бастау алып, Атырауда жалғасын тапқанда облыстық қазақ драма театрының сахнасында атақты «Еділ – Жайық» әнінің шығу тарихынан тебірене де теңселе сөйлеп, Жұбан ақынмен екеуі құдіретті әнді қалай дүниеге келтіргендерін айтып, сол әнді өзі әр көрерменнің жүрегін шымырлата, қан қысымдарын бастарына жапшыта шырқап болып: – Құрметті Атырау азаматтары, мен Жұбан рухын тірілтушілермен бірге жүрген жолаушы едім, сіздер осы бір естен кетпес өнердегі тарихи оқиғаны әрқашан ұмытпай жүресіздер демекпін. Әзірге, хош, –деп сахнадан түсіп бара жатқанда, поэтикалық кешті өзі басқарып отырған облыс әкімі Иманғали Тасмағамбетов жұлып алғандай:

– Илия аға, сіз халықпен қоштаспаңыз. Сіз енді Атырау тұрғыны боласыз. Қаланың қақ

төрінен Сізге пәтер сайлап қойдым. Соған жайғасасыз. Каспий өңірінің жастары сіздің әндеріңіздің сусынын емін-еркін сіміруі керек, – деді. Залдың аузы-мұрнынан шыға толып отырған торқалы тойға келген халық дүрлідеп кетті. Қайта-қайта қол соғылды. Әр жүректен тасқындалған, әкімнің тамаша шешімін қоштаған сезім қоймастан соғылған шапалақ арқылы лақылдап құйылды. Бұл тарихи сәт 2000-шы жылдың күзі болатын.

Міне, содан бері Атырау елінің Жақановты, Жақановтың Атыраудың әр тұрғынын баурағаны сондай, енді Атырауды Жақановсыз сезіну мүмкін болмай қалды.

Ал, Қазақ Елі соншама махаббатпен өзі де құшағына алып, елі де оны өміріне иіскеп, жұпарына тоймай жүрген Илия Жақанов кім?!

Илия Қазақстанның оңтүстік өлкесінде қазіргі Жамбыл облысының Сарысу ауданы Ақтоғай ауылында 1936 жылдың балбыраған мамыражай кезі-мамыр айының басында дүниеге есігін ашып, табиғат жаңарып жатқан шағында ілесе бірге келіпті. Илияның анасы Бәлкен сол сәтті былай еске алыпты: «1936 жылдың қызғалдақты қыры құлпырған мамыр айының алтыншы жұлдызы... сол күні біздің «Ілгерібас» колхозының жайлауындағы болған, құдіреті күшті тәңір ием, Қаратаудың қыртыс-қыртыс жотасы... біз Жон жайлауына шығып, Нұртай өзенінің қыр жағы... күншығыс беті-бұлағы сылаң қаққан Бөкенсайына келіп, жапатармағай үй тігіп жаттық. Дала қызғалдағы көз жауын алып, жайнап тұрды. Жайлаудың жұпар лебі желпіді. Арқаның салқын самалына үйренген біздің жұрт осы жайлауға шыққанда: шіркін, осы Жон-ай, Сары арқаны жоқтатпайды, дейді масаттанып. Айтса айтқандай, Жон көкірегімізді ашқан бір жаннат дүниесі боп, сондай қызықтарды. Жұрт мәре-сәре мәз кезде, о тоба, жылы жел көтеріліп, қара нөсер сабалан ұрып кеп берді. Өне-міне дегенше, ол жапалақтап жауған қарға ұласты. Лезде дүн-дүниені ұлла қар басып салды. Бұл не деген ғаламат еді! Кенет мен... мен бөлім ұйып отыра қалдым. Дүниеге сен келдің, Илия, сен!» – деп толғана айтқан әңгімесі табиғаттың буырқанған болмысы мен ерекше құбылысын көз алдымызға елестетеді. Заман аласапыран боп, дүркіреп тұрған кез. Аппақ кіршіксіз ақ адамдар

еріктерінен тыс «жау» аталып, түрмеге қарай бағытталып жатқан мезгіл. Дүниеге сәби келіп, мәре-сәре болып жатқан отбасына жандарын қоярға жер таба алмай, айдалып кетеміз деп зәурелері кетіп жүрген үш ел азаматы құдайы қонақ боп келе қалады. Балаға әлі ат қойылмаған екен. Бұлар сол рәсімді атқармақ боп, нәрестеге есім берудің саяси жағын да қамтып, Лениннің әкесінің атын қойыпты. Содан бала «Илья» атанады. Ат қойылу тарихы аудан басшыларына жетіп, баланың әкесі Жақан да, ат қойып, азан шақырған үш қонақ та қуғын-сүргіннен аман қалыпты. Сөйтіп, Илияның адамды аялауы дүниеге келмей жатып басталған екен.

Илия дүниеге келгенде табиғат та, адамдар да бір сілкініпті. Жас Илия сәби кезінен халықтың ән бұлағына әннің нөсер жауынына шомыла қызықтап шапқан, кең даланың мөлдiр ауасын әсем дауысымен алғаш дірілдеткен жас өспірім мектепте оқып жүргенде-ақ өнерпаздығымен; әнге әуестігімен жырға елтуімен, мектептегі шәкірттік өмірі әнді жүрек бөлшегі етуімен өтіпті.

Орта мектептен соң, Қазақтың С.М.Киров атындағы мемлекеттік университетінің филология факультетіне оқуға түсіпті. Бұл 1954 жыл еді. Әнге, жырға әуестігі толастамады. 1956 жылы, студент кезінде тұңғыш сыймаған сезім дүмпуімен лықсып алғашқы ән туыпты. Ол «Түн ортасы болғанда» деп аталыпты. Илия жастайынан поэзия пірі Қасым Аманжолов жырын сүйсінген. Өзі әнге суранып тұрған ақын өлеңі Илияның мөлдiреген нәзік сазына оранып шыға келіпті. Оған Қадыр Мырзалиев сөзіне шығарылған «Салтанат» әні жалғасыпты. Әндер легі бір-біріне ұласып, композитордың шын шабыты, жұлдызды шағы жарқырап, тұма талант тиегі ағытылыпты. Студенттер бұл кезде Абілахат Еспаев бастаған сазгерлер әндерімен шалқып жүрген шағында Илия әндері де салтанатты көшке ілесіп, жастардың рухани нәріне айналыпты.

Таланттардың табиғат үндестіреді. Сол шақтарда туған әндерінің бірі – «Ақ қайың». Осы әнге байланысты Илия бір тебіреністі кезінде былайша сыр шертіп еді. Радиоға істеп жүргенінде кезінде тұңғыш рет Мұқағали Мақатаевпен танысыпты. Бұрын Илияны сыртынан білетін ақын «Ақ қайың» әнін радиодан тыңдап

жүреді екен. Кездескенде Илияны қасына шақырып алып, былай депті:

– Илия, сенің «Ақ қайың» әнің ғажайып шығарма. Бұл әнді тыңдағанда көзіме жас келеді. Бойлай керемет тебіренемін. Мұнда бір тылсым сыр бар. Адамның ішкі тіндерін қозғайды. Мен бұл әнге ғашықпын. Бұл ән мені толғандырады.

Содан біраз уақыт өткеннен кейін әдейі өзі іздеп келіп:

– Илия, жүрші бір дем алайық, – деп үйіне ертіп әкеледі. Ерекше толғанып отырып былай депті:

– Сенің әнің маған дастан тудырды. Сол дастанды қазір оқып беремін. Сен тыңда. Дастан аты: «Ақ қайың әні» деп аталады.

Илия бұл кездесуді былай баяндады: Дастанды ерекше елтіп отырып тыңдадым. Мұқағали поэтикалық толғанастарын мәнеріне келтіріп оқып отыр. Дауыс қандай! Диапазон қандай! Әбден оқып болып, бір күрсінді. Мен де бір құпия сазға бөлендім. Тамаша дастан дүниеге келіпті. Бұл дастанның тууына менің әнім себепкер болыпты. Мұқағали бұл дастанды маған арнағанын айтты. Мен ғажайып ақынның маған жасаған сонша ілтипатты сезіміне езіліп кеткендей күй кештім. Кейін тағы бір кездескенде, «Ақ қайың әні» дастанын «Лениншіл жас» газетіне ұсынғандығын айтты. Шығарманың басында «Илия Жақановқа арнаймын» деген сөз жазылыпты. Редактор: «Жақанов деген кім? Бұл атақты адам болса екен, ала-бөле сол кісіге арнайтынын айтып бадырайтып жазып қою жараспайды. Алып тастау керек те, дастанның өзін жариялау керек,» – деген екен. Мұқағали бұған көнбепті. «Олай болса, дастан газетке жарияланбайды», – деп шығармасын алып кетіпті. Осы кезде-суде соны баяндап: «Бұл дастан жинаққа кіреді, оның басында саған арналғаны міндетті түрде жазылады», – депті.

Ұлы ақынның Илия әніне деген құштарлығы тегін емес екені бірден белгілі. Бұл – ұлының ұлыны танығандығы.

Толығырақ: <https://asu.edu.kz/media/news/10620/> сілтемесіне өту арқылы сайттан оқып біле аласыздар.

Қадыр ЖҮСІП,
Қазақстан Жазушылар
Одағының мүшесі,
филология ғылымдарының докторы,
профессор

ЖӘҢГІР ХАН САРАЙШЫҚТА ТУҒАН

Пікір

Атырау облысының Махамбет ауданына қарасты ортағасырлық Сарайшық археологиялық ескерткіші бүкіл қазақ еліне белгілі тарихи-мәдени орын. Сарайшықтың Ұлы жібек жолы бойындағы Европа мен Азияны байланыстыратын экономикалық көпір болғаны тарихтан белгілі. Сонымен бірге Сарайшықтың – Алтын орданың, Қазақ хандығын билеушілердің пантеоны екендігі де жұртшылыққа мәлім. Тарихшы ғалымдардың пікірінше Мөңке-Темір, Тоқта, Жәнібек, Әмір Охас, Ших-Мамай, Жүсіп хандар осында жерленген. Қазақ ханы Қасым ханның мәңгілік мекені осы Сарайшық.

Сарайшық әуелі Ноғай ордасының, кейін XVI-ғасырдың 2-ші онжылдығында қазақ хандығын басқарған Қасым ханның резиденциясы, яғни қазақ хандығының алғашқы астанасы болды.

1580 жылы Дон, Еділ казактары Жайық бойына ендеп кіріп, Сарайшыққа шабуыл жасап, оны қиратты. Кейін Сарайшық Ресей отаршыларының бекінісіне айналды. Отаршылдық езгіге қарсы шыққан казактар осындағы түрмеге қамалған. Қазақ халқының ұлттық батыры Исатай Тайманұлының да 1818 жылы Сарайшық түрмесіне қамалғаны тарихтан белгілі.

Мемлекет басшысы Қасым – Жомарт Тоқаев Атырау облысының әлеуметтік-экономикалық даму мәселелері жөніндегі Кеңесте: “Атырау өңірінде қастерлі әрі тарихи орын-

дар көп. Соның бірі – ежелгі Сарайшық, – дей келе... ұлан-байтақ жеріміздегі көне шаһарларды, мемлекетіміздің тарихында айрықша орны бар Алтын орданы жан-жақты зерттеп, ғылыми ақпараттық жұмыстарды жүйелі жүргізу керек. Сол арқылы елдік шежіремізді кеңінен тарата аламыз”, – деген болатын. Қазіргі кезде Сарайшық қаласының орнында “Сарайшық” мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы құрылып, болашақта Сарайшықты ірі туристік орталыққа айналдырып, археологиялық қазба жұмыстарын кеңінен жүргізу жоспарлануда.

Түркі халқына белгілі тұлғалар: Жүсіп бидің қызы Қазақ ханшасы – Сүйінбикенің, қазақ-орыс дипломатиясында өзіндік орны бар Оразмұхаммед сұлтан Оңданұлының туған жері де Сарайшық деп есептеледі.

Біз осы мақаламызда Ресей императоры тағайындаған қазақтың соңғы ханы, генерал-майор Жәңгір Бөкейұлының Сарайшықта туғандығы туралы сөз етпекпіз. Тарихи әдебиеттерде Жәңгірдің туған жылы 1801 деп көрсетіледі, бірақ оның туған жері туралы деректер кездеспейді. Олай болса, әкесі Бөкей сұлтан басқарған Ішкі Орданың құрылған жылы мен Жәңгірдің туған жылы тұспа-тұс келеді. Дәл сол 1801 жылы 11 наурызда император І-Павел Бөкей сұлтанға Қара, Сары өзендерінен Каспий теңізінің жағалауына дейінгі жерлерді “жайлап, қоныс салуына рұхсат еткен”. Осылайша, Ішкі орданың

немесе болашақ Бөкей хандығының негізі қаланған. Осы жерде Жәңгірдің әкесі Нұралы ханның баласы Бөкей сұлтан тұрғалы қысқаша айтатын болсақ, ол XVIII-ғасырдың соңы мен XIX-ғасырдың бас кезінде Сарайшықта тұрған. Бұл кезде Бөкей сұлтан 1797 жылдан бастап Кіші жүз хандығы жанындағы Кеңес төрағасы қызметін атқарған. Тіпті, ол Сарайшықты өзі құрған Ішкі орданың орталығы етуге де әрекеттенген.

1801 жылы қазан, қараша айларында Бөкей сұлтанның бастауымен Сарайшық тұсынан Жайықтан өткен аз ғана ел Еділ мен Жайық өзендері арасындағы 1771 жылы көшіп кеткен қалмақтардан қалған кең аймаққа бытырап, қоныс тепкен. Бөкей мен Шығай сұлтандардың Ішкі ордаға аз ғана малмен көшкені де тарихтан белгілі. Бірақ бұған қарап оларды кедейлердің қатарына қосудың еш жөні жоқ. Олай болса, бұл жерде Бөкей сұлтан жаңа туған Жәңгір мен оның анасын негізгі мал-мүліктерімен жаз шыққанша Сарайшықтағы қыстауында қалдыра тұрған болар деген жорамал дұрыс болады. Егер Бөкей сұлтанның Ішкі ордадағы алғашқы қонысы Жалтыр көлінің жағалауы екендігін ескерсек, онда Жәңгірдің анасының жаңа туған баламен 1801-1802 жылдың қысында әлі толықтай қоныс салып үлгермеген қарлы боранды, үскірік аязды далалықта қыстап шықты деудің реті жоқ сияқты. Сондықтан да, біздің Жәңгір Бөкейұлын Сарайшықта 1801



жылдың қазан, қараша айларына дейін дүниеге келген деуіміздің мәнісі осында.

Бұл пікірдің 7 ғасырдан астам тарихы бар Сарайшықтың ғұмырнамасына қосылар жаңалық болары даусыз. Осыны ескеріп, біз өзіміз дайындаған және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі бекіткен Бөкей ордасы тарихына байланысты сызба картамызда Жәңгір ханның кіндік қаны тамған жері-Сарайшық деп көрсеттік. Осы картамен танысқан орта немесе арнаулы орта мектеп оқушыларының санасында Жәңгір ханның Сарайшықта туғандығы туралы пікірдің қалыптасатындығы күмәнсіз.

Жалпы жұртшылықтың бұдан былай қазақтың европаша білім алған Жәңгір хан сияқты тарихи тұлғасының қазіргі Атырау облысында, соның ішінде бай тарихы бар Сарайшық сияқты ежелгі елді мекенде туғандығын біліп жүргендері дұрыс болады деген оймен осы мақаланы жариялап отырмыз.

Аманкелді ШАМҒОНОВ,
ҚР үздік өлкетанушысы



Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің әскери кафедрасында запастағы сержанттар бағдарламасы бойынша ақылы негізде оқуға ниет білдірген осы университеттің және С.Өтебаев атындағы Атырау мұнай және газ университетінің студенттерін шілде айына дейін құжаттарын тапсыруға шақырады. Студенттерді іріктеу бекітілген талаптар бойынша жүзеге асырылады. Оқу мерзімі 1 жылды құрайды.

Құжаттар бірінші, екінші курс (4 жылдық оқумен) және бірінші, екінші, үшінші курс (5 жылдық оқумен) студенттерінен, бірінші курс студенттерінен (техникалық және кәсіптік білім беру базасында қысқартылған білім беру бағдарламасы бойынша) қабылданады. Әскери даярлық жоғары оқу орнында оқуды аяқтағанға дейін бір жыл бұрын оқу-жаттығу жиынымен аяқталады. Оқу аяқталғаннан кейін «запастағы кіші сержант» әскери атағы беріледі.

Қажетті құжаттар пакеті:

- Өтініш (құжаттарды тапсыру кезінде әскери кафедрала толтырылады)
- Жеке куәлік (түпнұсқа және көшірме).
- Тіркеу куәлігі немесе әскери билет (түпнұсқа және көшірме).
- 3x4 см көлеміндегі 2 фотосурет.
- Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2015 жылғы 27 шілдедегі №95 «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарын бекіту туралы» бұйрығына сәйкес сотталғандығының болуы немесе болмауы туралы анықтама»
- Студенттің университетте нақты оқуы туралы факультет деканы қол қойған анықтама.
- құжат тігетін папка және жеке істі рәсімдеуге арналған екі мөлдір файл.

Құжаттар Студенттер даңғылы, 205 ғимарат, 211 кабинетте қабылданады.

Қосымша нақты ақпарат алу үшін 27-63-39, 8 701 336 05 05, 8 701 183 36 88 нөмірлеріне хабарласуларыңызға болады.

Ескерте кетейік, Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетіне – 10, С.Өтебаев атындағы Атырау мұнай және газ университетіне – 40 орын беріледі.

Бүгінгі таңда кафедрала білім алушы студенттердің жалпы саны 218, оның ішінде 1 курс бойынша 115 студент, 2 курс бойынша 113 студент даярлануда. Ағымдағы жылы оқу-жаттығу жиынына қатысқан түлектер саны 114-ті құраса, әскери атақпен 100 студент бітіреді деп жоспарлануда.

Өкінішке орай, әскери взводтың толық құрамы жиналмауына байланысты кафедрада қыздарға арналған оқу бағдарламасы жүзеге асырылмай отыр. Алдағы уақытта өтінім санының түсуіне байланысты, ашылу мүмкіндігі қарастырылуда. Дегенмен, кафедраның қыздар взводының алғашқы түлегі Айдана Байеділ мен ағымдағы жылы әскери билет алушы студенттердің пікірлерін алдық. Олардың пікірінше, әскери кафедрала қабылдану үлкен абырой, зор мүмкіндік, Отан қорғаудың алғышарты болып табылады.

ОТАНДЫ ҚОРҒАУ – БӘРІМІЗДІҢ МІНДЕТІМІЗ!

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінде 2016 жылы алғаш рет Әскери кафедра ашылған болатын. Ал, біз сол кафедраның алғашқы түлектері болып қабылдандық. Әскери кафедраны 2 жыл жеке оқу ғимаратында оқыдық. Онда әскери даярлық бойынша барлық пәндер жүргізілді десек те болады. Мен үшін әскери кафедрала оқу өте қызық болды. Себебі, өзім сол саланы ұнататынымын.

Әскери кафедра студенттерді әскери-патриоттық тәрбиеге үйретеді. Жастардың әскери немесе құқық қорғау салаларына қызығатын, жұмыс жасайтын мақсатты ойлары болса міндетті түрде оқығандарын қалар едім.

Онда тәрбие және әскери-патриоттық жұмыс үнемі жүргізіліп тұрады. Отан қорғауға, Отан алдындағы борышын орындауға, ұйымшылдық пен тәртіпке үйретеді.

Әйткенмен, әскери салаға келер алдында асықпай ойла-нып, дұрыс шешім қабылдап, толықтай ойланып алған жөн. Себебі, бұл саланы таңдаған соң аяғына дейін барған жөн деп санаймын. Әрине, әскерге барғанмен теңесе қоймас, бірақ қыз бала үшін осы кафедраның өзі әскерге барғанмен теңеседі деп ойлаймын.

Маған кафедрала түсу барысында ешқандай қиындықтар туындаған жоқ. Қыздар үшін кафедрала түсуде жеңілдіктер болмады және болмайды да, себебі әскери салада ұл бала, қыз бала деп бөлінбейді. Соны таңдаған соң қуанышымен қатар қиындығы қатар жүрері сөзсіз. Отанды қорғау – бәріміздің міндетіміз. Бәріміз әскери кафедра түлектері болған соң, саптық плацта қару да, әскери-техникалық мүліктер де бәрімізге ортақ.

Бүгінгі таңда түлек ретінде Әскери кафедра ұжымына ерекше алғысымды айта отырып, дендеріне саулық, отбасыларына амандық, жұмыстарына жеміс тілеймін.

Айдана БАЙЕДІЛ,
Әскери кафедраның 2018 жылғы түлегі

ӘСКЕРИ КАФЕДРА МЕНІ ШЫҢДАДЫ

Әскери кафедрала 2020 жылы түстім. Мен үшін бүгінгі күнге дейін алған тәжірибемнің маңызы өте зор болды. Осы турасында мен өзім адамның бүкіл өмірі мен екі жылдық әскери кафедраны салыстырып, аналогия жасадым. Мысалы, алғаш келіп, «оқу курсына» түссем, 1 ай сені мәпелеп-өсіреді, бұны 3 күнде Перзентханада жатумен сәйкестендіруге болады. Одан кейін саптық жүрісті үйренесің, тәртіпке тазалыққа, ұрыс қызметтеріне дайындық басталады. Бұны баланың университетке түсіп, үлкен өмірге аяқ басуы деп қабылдауға болады. Біздің аға сарбаздар үшін бұл бір балалы болған сияқты. Ал сен әлі саруыз балапандай бәрі таңсық, үлкендерді тыңдап жүресің. Аға сарбаздар қаншалықты саған қатаң қараса да, оларға бауыр басып кетесің.

Әскери кафедра мені, мінезімді өзгертті, тазалыққа, тәртіпке үйретті.

Әскерге кафедрала барғанға дейін бұзықтау болғанмын. Кез келген істі ақылға салып, ойланып істемейтінмін. Жауапкершілікті терең сезінбедім, жеңілдің астымен, ауырдың үстімен жүрген кезім еді. Әскери кафедрала түсіп, бір жыл оқуым мен оқуға алғаш түскен кездер арасы жер мен көктей. Әскери кафедра мені көп нәрсеге үйретті. Мысалы, өмірге үлкендерше қарай бастадым. Ең бірінші ата-анамның, бауырларымның, туыстарымның, достарымның қадірін терең түсіндім. Себебі, кейде ата-анамыздың қадірін түсінбей кететін сәт болады. Содан соң уақыттың, ақшаның қадірін білдім. Осылай өмірден біраз нәрсені түйдім. Бір сөзбен айтқанда, әскери кафедра мені шыңдады. Әскери кафедрала келіп, бұзықтығым да бөсендеп қалды. Сондықтан, әскери кафедрала қабылданғанға ма қатты қуанамын.

Әскери кафедраны бітіріп шығу әскерге барғанмен тең. Бізде тек әскери өмірден айырмашылығы кафедрала түнемейміз, қалғанының барлығы әскери өмірмен бірдей дәрежеде, саптық жүріс, жауапкершілік, ең бастысы – тәртіп. Алайда, әскери кафедрала түсу оңай емес, сондықтан үлкен дайындықпен, жауапкершілікпен қарауыңыз керек. Біздің әкелеріміз бір жыл емес, екі-үш жыл әскери борышын өтеп

келген, тіпті, ол кезде тәртіп те қатаң болған. Көпшіліктің пікірінше, әскери кафедрала барған адам физикалық, психологиялық зақым алады деп жатады. Дегенмен бұл әр адамның өзіне байланысты. Оның кедергілерге төтеп беруі үйінен алған тәрбиесіне және мінезіне байланысты болады. Менде мұндай жағдайлардың бірі де болған емес.

Бүгінгі таңда кафедраладағы мұғалімдерге алғысым шексіз, қай жағынан да көмектерін аямай, бізді шынықтырды, шыңдады. Әскери кафедраның болашағы жарқын болуын, үздіксіз дамуын тілеймін. Алдағы уақытта практикалық жаттығулар саны мен жаттығуға арналған әскери қару-жарақтардың саны көбейгенін қалар едім.

Талапкерлерге айтарым, еш ойланбастан әскери кафедрала түсуге ниеттеніңіздер! Әскер кафедра сіздерді – ел қорғандарын күтеді.

Нұрбек РАХЫМҒАЛИ,
120 взвод түлегі

АЗАМАТТЫҚ БОРЫШТЫ ӨТЕУДІҢ АЛҒАШҚЫ САТЫСЫ

Мен әскери кафедрала 2019 жылы түстім. Әскери кафедраның пайдалы жақтары өте көп. Біріншіден, азаматтық білім ала жүріп, әскери білімді де қатар меңгердім. Отан алдындағы борышты өтеу мүмкіндігі. Өзіңді жаңа қырыңнан тануға болады. Шыдамдылығың сынаға түсіп, жауапкершілігің артады. Әрине, әскери шен мен билетті арнайы академия немесе мерзімді шақыртусыз-ақ осы әскери кафедрала оқып жүріп алуға болады. Бұл сіздің болашақта уақытыңызды да үнемдеуге көп көмектеседі.

Әскери кафедрала, әрине, әскери өмірдің қыр-сырын үйрендім. Тек кинолар мен арнайы репортаждардан ғана көретін әскери іс-қимылдарды тәжірибе жүзінде меңгердім. Жаңа достар тауып, жаңаша ортаға ендім. Менің негізгі мамандығым – филолог. Тобымда кіл қыздар оқиды. Жалғыз жігіт – мен. Ал әскери кафедраладағы взводымда 17 жігіт. Мұндағы басты ерекшелік те осында. Өңкей жігіттер арасында жүріп, командирлердің қаталдығына бірге шыдап, бәрін бірге көресің. Әскери кафедрала оқудың маңызы да осы болар.

Әскери кафедрала оқу әскерге барғанмен теңеспейді. Дегенмен, формалды тұрғыдан алатын болсақ, әскери кафедраның мүмкіндіктері көп. Мерзімді шақыртумен әскерге шақырғанда ешкімнің білім деңгейіне қарамайды, кез-келген әскерге жарамды ҚР азаматтарын алып кетеді. Ал, әскери кафедрала оқу үшін міндетті түрде жоғары білім алып жатқан студент болуыңыз шарт. Әскер қатарында болу мен әскери кафедра бітіруді теңестіретін бір ғана нәрсе бар, ол – әскери билет.

Әскери кафедрала түсу барысында көп қиналдым дей алмаймын. Керісінше, түсу емтиханы қорытындысы бойынша, рекордтық 100 балл жинап алғашқы қатарда болдым. Оны өз құлшынысымның жемісі деп ойлаймын. Басқалар да емтиханға жақсылап дайындалса, жоғары балл жинай алады деп ойлаймын. Кафедрала грантпен оқу мені қанаттандырды. Өйткені, негізгі мамандығымда ақылы бөлімде оқитын едім. Оқу барысындағы қиындықтар тек алғашқы кезде байқалды, кейін үйренісіп кеттік. Білім жүйесі онлайн форматқа ауысқанда да, сәл қиындықтар болды, дегенмен үйреншікті дағдыға айналғаннан кейін қалыпты деңгейге оралдық.

Әскери кафедрала түскісі келетін басқа студенттерге мейлінше физикалық және психологиялық тұрғыдан қажырлы болуына кеңес берер едім. Таңертең жүгіріп, кермеге тартылып, түрлі физикалық жүктемелерден өту, әр түрлі тақырыптарда фильмдермен, кітаптармен танысып психологиялық ахуалыңызды нығайту – әскери кафедрала түсудің алғышарты.

Біздің оқу ордамыздың әскери кафедрасы жас болғандықтан, оны әлі талай өзгерістер күтіп тұр деп ойлаймын. Болашақта материалдық-техникалық жабдықталу жағынан одан әрі жақсара түсіп, рейтингі жоғары әскери кафедралар қатарында болады деген сенімдемін.

Есенбай ІЗБАСАРОВ,
419 взвод түлегі



ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ЖӘНЕ АУЫЛШАРУАШЫЛЫҚ ҒЫЛЫМДАРЫ ФАКУЛЬТЕТІ

өз тарихын 1950 жылы құрылған мұғалімдер институтынан бастайды. Қазіргі таңда факультетте 70 оқытушы, оның ішінде 5 ғылым докторы, 22 ғылым кандидаты, 3 PhD, 38 магистрлер қызмет атқарады. 2019-2020 оқу жылынан бастап экология бағыты бойынша магистранттар университетте оқып, екі мемлекеттің дипломын алуға мүмкіндік туды.

Факультет деканы: Кабиев Ерлан Сырымұлы
Байланыс телефоны: +7 7122 27-67-52
Электронды пошта: e.kabiev@asu.edu.kz
Әлеуметтік желі: @zharfac_atgu
Мекен-жайы: 060011 Атырау қ., Студенттік даңғылы, 212, N1 оқу ғимараты, 4 қабат, 417-кабинет

ИННОВАЦИЯЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ ФАКУЛЬТЕТІ

бүгінгі таңда педагогикалық, арнайы және әлеуметтік бағыттар бойынша мамандар даярлауда. Академиялық ұтқырлық бағдарламалары бойынша студенттер мен магистранттар шет тілін игеру деңгейін жақсартуға, теориялық білімі мен практикалық дағдыларын тереңдетуге мүмкіндіктері бар.


Факультет деканы: Мұханбетжанова Ақмарал Өтепбергенқызы
Байланыс телефоны: +7 7122 27-63-11
Электронды пошта: a.mukhanbetzhanova@asu.edu.kz
Мекен-жайы: 060011 Атырау қаласы, Студенттер даңғылы көшесі, 212, N1 оқу ғимараты, 232-кабинет



ФИЗИКА, МАТЕМАТИКА ЖӘНЕ АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР ФАКУЛЬТЕТІ

заман талабына сай мамандар дайындайтын факультеттердің бірі болып табылады. Факультет ұжымының оқу-тәрбие жұмысы еліміздің жарқын болашағы үшін ынта-жігерімен еңбек ететін білімді де білікті маман дайындау ісіне жұмылдырылған. Жылдан-жылға бізді таңдаған талапкерлер саны артып отыр және бітірген түлектерге еңбек нарығындағы сұраныстың деңгейі жоғарылап келеді.


Факультет деканы: Адиева Айнагүл Жәнібекқызы
Байланыс телефоны: +7 7122 27-63-41
Электронды пошта: a.adieva@asu.edu.kz
Мекен-жайы: 060011 Атырау қаласы, Студенттер даңғылы көшесі, 212, N1 оқу ғимараты, N309 кабинет



ГУМАНИТАРЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР ЖӘНЕ ӨНЕР ФАКУЛЬТЕТІНІҢ

тарихы университет құрылған кезеңнен басталады. 70 жылдық тарихы бар факультетіміздің тарих, музыка, бейнелеу өнері, дизайн, журналистика, дәстүрлі музыка өнері, вокал мамандықтарын облыс көлемінде дайындауда маңызы жоғары. Факультет студенттері академиялық ұтқырлық бағдарламасы аясында Түркия, Литва, Финляндия, Ресей университеттерінде, еліміздің Астана, Алматы, Ақтөбе, Орал қалаларында оқу орындарында 1 және 2 семестрінде оқып келу мүмкіндігін пайдалана алады.

Факультет деканы: Аймұратов Сағынгерей Болатқалиұлы
Байланыс телефоны: 8 775 148 42 66
Электронды пошта: saymuratov@asu.edu.kz
Мекен-жайы: 060011 Атырау қаласы, Студенттер даңғылы көшесі, 212, Бас оқу ғимараты, 324-кабинет



КӨПТІЛДІ БІЛІМ БЕРУ ФАКУЛЬТЕТІНІҢ

миссиясы – Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің ұзақ мерзімді стратегиялық жоспарына сәйкес және заманауи инновациялық жүйе арқылы, кәсіби мамандарды жаңаша дайындауға бағытталған технологияларды, ғылымның жетістіктерін пайдалана отырып, бәсекеге қабілетті, жоғары білікті көптілді мамандар дайындау. Факультетте English Only Space шығармашылық орталығы жұмыс жасайды. Бұл орталық шетелге шығушыларға шынайы және өмірлік жағдайларды көрсететін бірегей жабдықтармен қамтылған, ағылшын тілін қарқынды оқуға арналған мамандандырылған студия кешені.

Факультет деканы: Сұлтангубиева Айгүл Айтмұханқызы
Байланыс нөмірі: +7 7122 27-63-33
Электронды пошта: a.sultangubiyeva@asu.edu.kz
Мекен-жайы: 060011 Атырау қаласы, Студенттер даңғылы көшесі, 212, Бас оқу ғимараты, 428, 430а-кабинет

ЭКОНОМИКА ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ ФАКУЛЬТЕТІ

университет құрамындағы ең ірі факультет болып табылады. Қазіргі таңда факультетте экономика, есеп, құқық, басқару, қаржы, менеджмент саласындағы бәсекеге қабілетті мамандарды дайындау жұмысы жүргізіледі. Экономика және құқық факультеті қызметінің стратегиялық бағыты - Қазақстан Республикасы экономикасы және құқық саласында жұмыс жасау үшін бәсекеге қабілеттілік артықшылығына ие жоғары білікті, құзіретті мамандарды дайындаудың сапасын қамтамасыз етуге бағытталған.

Факультет деканы: Адиева Эльмира Мизамғалиқызы
Байланыс телефоны: +7 7122 27-63-26
Электронды пошта: e.adietova@asu.edu.kz
Мекен-жайы: 060011 Атырау қаласы, Студенттер даңғылы көшесі, 212, №4 корпус, 101 кабинет



Меншік иесі: Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті



Қазақстан Республикасы
Атырау қаласы
Студенттер даңғылы, 212

Редакция:

Қ.Сансызбаев – Редактор
П.Тулин – дизайнер-бет құрушы
А. Ғинаятұлы – фотограф
«Университет» газетінің меншікті тілшілері:
Ә.Кенжетай

Н.Жаңбырбай
А.Мутиева
А.Өтемісқызы
А.Сәлімгерейқызы
Электрондық пошта – media@asu.edu.kz

Газет ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінде тіркеліп, #707 куәлік берілген 04.02.2002 жыл Газеттің жылына 10 нөмір шығады.

Газет «Атырау-Ақпарат» ЖШС баспаханасында басылды. Тапсырыс #520 Баспаның мекен-жайы: Атырау қаласы, Ж.Молдағалиев көшесі, 29А үй

Таралымы 1000 дана